



## **"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 сәуірдегі N 329 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау үшін, телекоммуникациялар саласын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары;

2) "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2003 жылға арналған аса маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

7

сәуірдегі

N 329

қаулысымен

бекітілген

## **"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының 2003-2005 жылдарға арналған даму жоспары**

Астана, 2003 жыл

### **Кіріспе**

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының 2003-2005 жылдарға арналған даму жоспары (бұдан әрі - Даму жоспары) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау үшін әзірленді.

Даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасымен сәйкестікке келтірілді.

Даму жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1564 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2001-2005 жылдар кезеңіне арналған даму тұжырымдамасының (бұдан әрі - Тұжырымдама) негізгі ережелеріне негізделген.

Даму жоспары "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қазақтелеком" ААҚ) инвестициялық бағдарламасы негізгі бөлімдерінің сипаттамасын қ а м т и д ы .

Құжатта "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының болжамды кезеңдегі қызметінің қаржы-экономикалық тиімділігінің өзгеруін сипаттайтын мақсатты көрсеткіштер келтірілген. Өндірістік-қаржылық дамуға талдау жүргізілді, соның негізінде алдағы жылдардағы қызметтің негізгі көрсеткіштерінің болжамы жүзеге а с ы р ы л д ы .

Даму жоспары алдағы кезеңдегі мақсаттарды және қызметтің негізгі бағыттарын белгілейді.

## **1-бөлім. Ұлттық компанияның жай-күйі және даму перспективалары туралы баяндама.**

### **1-тарау. Ұлттық компанияның миссиясы, оның құрылуы мен қызметінің қысқаша тарихы, компанияны басқарудың ұйымдық құрылымы.**

"Қазақтелеком" ААҚ Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы біртұтас телекоммуникациялар желісінің ұлттық операторы болып табылады. Оның миссиясы:

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы тұрғындарға байланыстың жалпыға бірдей қол жетімді қызметтерін ұсыну;

қазіргі заманғы телекоммуникациялық технологиялар негізінде экономиканың барлық субъектілерінің, қоғамның және Қазақстанның мемлекеттік өкімет органдарының ақпарат алмасудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру.

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы республиканың бүкіл аумағына кең көлемдегі байланыс қызметін ұсынатын, ұлттық ауқымдағы жаңадан құрылушы акционерлік қоғамның жарғылық қорына мемлекеттік аймақтық және мамандандырылған телекоммуникация кәсіпорындарының мүлкін табыстау жолымен "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын (бұдан әрі - ҰАҚ) құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 666 қ а у л ы с ы м е н қ ұ р ы л д ы .

1996 жылғы наурызда мөлшері 12.1 млрд. теңгені құраған жарғылық қор көлемінде акциялардың бастапқы эмиссиясы тіркелді.

"Қазақтелеком" ҰАК Жарғысына Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің талаптарына сәйкес өзгерістер енгізілді және Қазақстан Республикасының әділет органдары "Қазақтелеком" ҰАК-ті "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамына қайта тіркеуді жүргізді (А N 084256 сериялы заңды тұлғаны 1997 жылғы 20 ақпандағы мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік).

"Қазақтелеком" ААҚ мынадай негізгі қызметтер көрсетеді:  
жергілікті, қалааралық, халықаралық телефон байланысы;  
телеграф, телекс, деректер беру;  
спутниктік байланыс;  
сым арқылы радиохабар тарату;  
байланыс арналарын жалға беру.

"Қазақтелеком" ААҚ жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желілерін құрады, оларға иелік жүргізеді және басқарады. "Қазақтелеком" ААҚ 1996 жылғы 5 қарашада берген N МТК 000001 лицензия "Қазақтелеком" ААҚ-ға жалпы пайдаланымдағы телекоммуникациялар желісі үшін 2011 жылға дейін Қазақстандағы халықаралық және қалааралық қызмет көрсететін айрықша провайдер болу құқығын береді.

"Қазақтелеком" ААҚ Жарғылық капиталы бір акция үшін әрқайсысының номиналы 1000 теңге 10 922 876 жай акциялардан (дауыс беретін) және 1 213 653 дауыс бермейтін артықшылықты, акциялардан тұрады.

Артықшылықты акциялар үлесі жарғылық қордың 10 пайызын құрайды, олардың дивидендтер алу және тарату кезінде артықшылығы бар, бірақ өз акционерлеріне - жеке және заңды тұлғаларға дауыс құқығын бермейді.

Акциялардың мемлекеттік пакеті акционерлік капиталдың 50 пайызын және қосылған 1 акцияны құрайды, "Саят, Жолшы, Дархан және Бадо" ЖШС акциялардың 30 пайызына иелік етеді, акциялардың 10 пайызы жеке меншік компаниялардың: The Bank of New York, ALG Silk Fund Limited, Бителеком иелігінде.

"Қазақтелеком" ААҚ өзінің құрамында оңашаланған құрылымдық бөлімшелер (филиалдар) бар, басқарылуы орталықтандырылған бірыңғай заңды тұлға:

14 облыстық телекоммуникациялар дирекциялары (бұдан әрі - ОТД);

"Астанателеком" қалалық телекоммуникациялар орталығы;

"Алматытелеком" қалалық телекоммуникациялар орталығы;

Корпоративтік сату дирекциясы;

"Алыспен байланыс" бірлестігі;

Радиоландыру орталығы;

Радиотехникалық бірлестік;

Телекоммуникациялар және инфрақұрылым объектілерін салу жөніндегі дирекция;

Пайдалану-шаруашылық бірлестігі;

"Телеком-комплект" дирекциясы;  
Кәсіби біліктілігін арттыру орталығы.  
"Қазақтелеком" ААҚ басқару органдары мыналар болып табылады:  
Жоғарғы орган - акционерлердің жалпы жиналысы;  
Басқару органы - Директорлар кеңесі;  
Алқалық атқарушы орган - Басқарма;  
Бақылау органы - тексеру комиссиясы.

## **2-тарау. Жұмыс істеген жылдардағы өндірістік-қаржылық дамуын талдау**

КСРО ыдырағанға дейін Қазақстанның бастапқы байланыс желісі бірыңғай автоматтандырылған байланыс жүйесінің бастапқы желісін салудың негізгі қағидаттары бойынша құрылып келді. Бастапқы желі толығымен ұқсас болды. Магистральдық кабельдік және радиорелелік желілер негізінен одақтық байланыс желілерінің (Ташкент - Москва, Алматы - Новосибирск, Ресей - Қазақстан - Түркменстан және басқалары) жалғасы болып табылды. 1992 жылға дейін Қазақстан алыс шетелдерге дербес байланысқа шыға алмайтын еді. Алыс шетелдермен байланыс Ресей арқылы қолмен қосу әдісімен жүзеге асырылатын. Австралиямен "Телстра" (30 бірлік) және Израильмен "Безек" (30 бірлік) бірінші тікелей спутниктік халықаралық арналарының ашылуымен халықаралық телефон сөйлесулері автоматтық әдіспен ұ с ы н ы л а т ы н б о л д ы .

Қазақстан бүгінде "Қазақтелеком" ААҚ салған және басқаратын, ТМД елдеріндегі және алыс шетелдердегі 172 телекоммуникациялық операторлармен қарым-қатынас жасайтын толығымен дербес желіге ие болып отыр.

1998 жылы Қытай шекарасы - Алматы - Тараз - Шымкент - Өзбекстан шекарасы трассасы бойынша Транс-Азия-Еуропа (бұдан әрі - ТАЕ) талшықты-оптикалық байланыс желісінің қазақстандық телімінің құрылысы аяқталды. Супермагистраль арқылы Қазақстан цифрлық арналармен әлемнің, ТМД және Орта Азияның көптеген елдерімен қосылды. ТАЕ Алматы, Тараз, Шымкент, Талдықорған қалалары және осы магистральдің бойында орналасқан аудан орталықтары арасындағы ақпараттық ағындарды беруді қамтамасыз етті. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының осы супермагистраль трассасы бойында орналасқан аудан орталықтарында DRX-4 цифрлық автоматтық телефон станциялары (бұдан әрі - АТС) орнатылды.

Бастапқы желіде цифрлық радиорелелік желілер (бұдан әрі - РРЖ) салынды. 1998 жылы Астана-Петропавл РРЖ пайдалануға берілді. Астана-Алматы және Астана-Қостанай РРЖ-ні қайта құру осы телімдердегі ұқсас радиорелелік жабдықтарда цифрлық арналар ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Қостанай-Жітіқара және Қостанай-Қашар РРЖ құрылысы аяқталды.

Петропавл-Кормиловка (Ресей) трассасының Солтүстік талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысы аяқталды.

Алматы қаласындағы ОРБИТА станциясын қайта құру жүргізілді, ол ИНТЕЛСАТ стандартына сәйкестік сертификатын алды. ИНТЕЛСАТ-902 спутнигі арқылы Германияға, Англияға, Швейцарияға, Ресейге, БАЭ, Канадаға жаңа бағыттар ашылды.

Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында ЕЗ ИНТЕЛСАТ стандартындағы стансалар орнатылды және Алматы-Ақтау Алматы-Атырау, Ақтау-Атырау бағыттары бойынша спутниктік байланыстың магистральдық арналары ұйымдастырылды. Спутниктік жүйенің құрылып жатқан Ұлттық желісі арналық беру жылдамдығы 8 кбит/сек. болатын дауыстық сигналдармен алмасуға арналған.

1998 жылдан бері екі бірдей ұзақ мерзімдік жобаны - әмбебап таксофондарды енгізу және бос желілік сыйымдылық жетпеген кезде жаңа абоненттерді іске қосу проблемасын тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін абоненттік тығыздау аппаратурасын енгізуді іске асыру жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Қазақстанда 1999 жылдан бастап жергілікті телефон желісінде телефон қосуларының құнын уақыттық есептеу жүйесі (бұдан әрі - ТҚУЕ) енгізіле бастады. ТҚУЕ енгізу республикамыздың үш қаласында - Қарағандыда (107600 нөмір), Жезқазғанда (31900 нөмір) және Лисаковскіде (8400 нөмір) басталған болатын.

Уақыттық есептеуді енгізу оған сәйкес табиғи монополия субъектілері есептеу аспаптарын орнатуға міндетті "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңын орындау үшін және әлемдік қоғамдастықта өзара байланысқан телекоммуникациялар желілерінің байланыс операторлары арасындағы жалпы жұрт қабылдаған өзара есеп айырысу қағидағтарын іске асыру мақсатында жүргізілуде.

Кіріс 1995 жылы 15,1 млрд. теңгеден 1998 жылы 23,5 млрд. теңгеге дейін өсті. 1999 жыл "Қазақтелеком" ААҚ үшін дағдарыс жылы болды. Кіріс мөлшері 29,9 млрд.теңгені, доллармен есептегенде 249 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл іс жүзінде 1995 жылғы деңгейге қайта оралуды білдіреді (247 млн.АҚШ долл.).

Қаржылық нәтиженің құлдырауын болдырмау мақсатында "Қазақтелеком" ААҚ бірқатар шаралар қолданды, оның ішінде "Қазақтелеком" ААҚ қайта құрылымдау және қызметкерлер санын оңтайландыру жүргізілді. Нәтижесінде "Қазақтелеком" ААҚ-тың 1 қызметкеріне есептегендегі кіріс ұдайы жоғарылаумен болды. Халықаралық трафиктің төмендеуі еліміздің өз ішіндегі трафиктің өсуімен өтелді.

"Қазақтелеком" ААҚ ішкі ресурстарын жұмылдыру 2000 жылы экономикалық дағдарыс салдарын еңсеруге мүмкіндік берді. 1 қызметкерге есептегендегі кіріс 2000 жылы жоғарғы көрсеткішке - 1254 мың теңгеге жетті.

1995 жылдан 1999 жылды қоса алғандағы кезеңде салықтар және бюджетке төлемдер 32,9 млрд.теңге соманы құрады.

Талдау жүргізілген кезең "Қазақтелеком" ААҚ көрсететін қызмет үшін белгіленген

тарифтердің тұрақтылығымен сипатталғанын айту қажет. Тек 1999 жылы жергілікті байланыс қызметіне тарифтер 8 пайызға жоғарылады, ал тарифтердің артуы орта есеппен 3 - 5 % көтерілді.

Кірістердің өсуіне негізінен байланыс құралдарын дамыту мен жаңғырту және жаңа қызмет түрлерін енгізу жөніндегі шараларды іске асырумен байланысты іс-шаралар есебінен қол жеткізілді. Өткен жылдардың инвестициялық бағдарламасының жобаларын ойдағындай жүзеге асырудың айқын салдары ұқсас АҚТС-ті цифрлыққа ауыстыру нәтижесіндегі қалааралық телефон байланысы және жергілікті байланыс қызметіне деген сұраныстың арта түсуі болып отыр.

### **3-тарау. 2000-2001 жылдардағы қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері, өндірістік көрсеткіштердің өсу себептерін негіздеу арқылы 2002 жылы күтілетін көрсеткіштер**

#### **3.1. 2000 жылдың қорытындылары**

2000 жыл "Қазақтелеком" ААҚ үшін оның алдына қойылған перспективалық даму міндеттеріне қол жеткізуде, жалпы ұлттық тұрғыдан зор маңызы бар жоғары технологиялық телекоммуникациялық желіні қалыптастыруға бағытталған бірқатар басым инвестициялық жобаларды іске асыруда түбегейлі өзгеріс кезеңі болды.

Республикамыздың тұрғындарын осы саладағы қазіргі заманғы әлемдік жетістіктер талабына жауап беретін қызметтердің толық пакетімен қамтамасыз ететін "Kazakhstan Online" бірыңғай Ұлттық деректер беру желісі құрылды.

Ақмола облысының Шортанды ауданында тұңғыш рет сымсыз байланыс (радиоену) бойынша сынама-жоба іске асырылды.

Негізгі телефон аппараттарының (бұдан әрі - НТА) абсолютті түрде өсуі, сондай-ақ соңғы он жыл ішінде бірінші рет ауылдық жерлерде НТА-ның өсуі байқалды.

Бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарттары бойынша аудиттелген есептеме бойынша "Қазақтелеком" ААҚ 2000 жылы қызмет көрсетуді іске асырудан алған кірістер 38,6 млрд.теңгені, негізгі қызмет бойынша шығыстар 33,7 млрд.теңгені құрады.

Таза пайда 2,9 млрд. теңгеге жетті.

Бұл ретте "Қазақтелеком" ААҚ менеджментінің көрсетілетін қызмет түрлерін әртараптандыруға және деректер беру, Интернет, жоғары сапалы бизнес-желілері тәрізді жаңа рыноктарды игеруге бағытталған ставкасының негізділігін көрсете отырып жаңа қызмет түрлерін көрсетуден түсетін кірістері озық қарқынмен өсті.

Қалааралық, халықаралық телефон байланысы бойынша іске асырудан түскен кіріс

30%-ға, жергілікті телефон байланысынан түскен кіріс 21%-ға өсті.

Салық пен бюджетке төлемдер 11,6 млрд. теңгені, өткен кезеңмен салыстырғанда 145%-ды құрады.

### 3.2. 2001 жылдың қорытындылары

"Қазақтелеком" ААҚ үшін 2001 жыл жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштермен атап өтілді. Мәселен, негізгі қызметтен алынған кіріс 45,9 млрд. теңгені құрады. 2000 жылмен салыстырғанда кірістің өсуі 19% құрады. "Қазақтелеком" ААҚ тарапынан телекоммуникациялар желісін кеңейту және жаңарту жөнінде жүргізілген жұмыстар, ел экономикасының жаппай жандануы, мақсатты түрдегі тарифтік саясат көрсетілетін қызмет көлемінің ұлғаюына әкелді.

Трафик көлемі жөніндегі жоспарды асыра орындау есебінен қалааралық және халықаралық сөйлесулер бойынша өсу 2000 жылы 30%-ды құрады. Жергілікті желі бойынша НТА және жаңа қондырғылардың өсуі есебінен 11%-ға өсуі байқалады. Смарт-карталар сату, деректер беру желісінің қызметі тәрізді жаңа қызмет түрлері бойынша едәуір өсу барын айту қажет, Kulan желісінен, IPLC жалға беруден, оларды сатудан түскен табыс 88% сомасында өсті.

Операциялық қызметтің шығыстары 34,1 млрд.теңге сомасын, оның ішінде өндірістік өзіндік құн бойынша 26,8 млрд.теңгені құрады (өсуі - 6,6%). Бұл ретте кезең шығындары 2000 жылдағымен салыстырғанда 15%-ға төмендеді және жоспар бойынша 8,1 млрд.теңге болғанда 7,3 млрд.теңгені құрады.

Таза кіріс 8,6 млрд.теңгеге жетті, бұл 2000 жылғы деңгейден 3 есе көп. 2002 жылғы 15 мамырда өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2001 жылдың қорытындылары бойынша жай акцияларға таза кірістің 20%-ы мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды. 1 акцияға кіріс 155,97 теңгені құрады.

2001 жылы қалааралық және халықаралық телефон трафигі өткен жылдың деңгейінен 30%-ға асып түсіп, 1101 млн. минутты құрады.

Деректер беру желісінің (Интернет желісіне қол жетімділік, электрондық почта, факсимильдік және дауыстық хабарлар беру, телеконференциялар, деректер беру және цифр түрінде ұсынылатын кез келген ақпаратты беру) одан әрі дамуы және осы қызметтерге деген зор сұраныс Internet желісі арналарында уақытты алудың өсуіне әсер етті, бұл 2000 жылдағымен салыстырғанда 89%-ға өсе отырып, 204,8 млн.мин. құрады.

Батыс талшықты-оптикалық магистральдың негізгі екі сегменті құрылысының аяқталуы байланыс желісін жаңғыртудағы және дамытудағы принципті жетістік болды.

Ұлттық ақпараттық супермагистраль (бұдан әрі - ҰАСМ) құрылысын жалғастыру шеңберінде жобалау-ізвестіру жұмыстары жүргізілді және ҰАСМ Шығыс тармағының жұмыс с ы з б а л а р ы ә з і р л е н д і .

Астана қаласында 6572 порттық екінші халықаралық коммутация орталығының (бұдан әрі - ХКО) пайдалануға берілуі Қазақстан телекоммуникациялар желісін дамыту және жаңғырту жолындағы маңызды кезеңнің бірі болды.

2001 жылы жергілікті желіні цифрландыру жұмыстары жалғасты. Облыс орталықтары мен облыстық бағыныстағы қалаларда жалпы сыйымдылығы 186 мың нөмірлік жабдықтар орнатылды. Бұдан басқа Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының аудан орталықтарында жалпы сыйымдылығы 32 мың нөмірлік цифрлық жабдықтар орнатылды.

Уақытпен есептеуді барлық жерлерде енгізу жұмыстары жалғасын тапты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 873 "Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілеріндегі жергілікті телефон қосылыстарының құнын есептеудің уақыттық жүйесін енгізу туралы" қаулысымен бекітілген жоспар-кестеге сәйкес ТҚУЕ енгізуді 68 елді мекенде үш кезеңде өткізу белгіленді:

2001 жылы - Қостанай, Ақтау, Рудный қалалары - жоспарлы сыйымдылық - 134000 нөмір ;

2002 жылы - Астана, Орал, Көкшетау, Ақтөбе, Талдықорған, Атырау, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Тараз, Өскемен, Шымкент қалалары - жоспарлы сыйымдылық - 670000 нөмір ;

2003 жылы - Алматы қаласы және Алматы, Ақмола, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының қалалары - жоспарлы сыйымдылық - 800000 нөмір .

Ұқсас желі уақыттық есептеу аппаратурасымен қосымша жабдыкталады, қазіргі уақытта 2001 жылы ТҚУЕ енгізілген қалаларда "Микронет" және "ELISIS" фирмаларының аппаратуралары жұмыс істейді.

2001 жылы Павлодар, Шымкент, Қарағанды, Атырау, Қостанай және Өскемен қалаларында SDH қалалық сақиналары пайдалануға берілді.

Осылайша, Қазақстанның 11 облыс орталықтарында орнатылған цифрлық көліктік желілер ҚТС жүйесінде станцияаралық байланыс сапасын жақсартумен бірге, ақпараттың барлық түрлерін, оның ішінде деректер беру, бейнеақпарат және басқа да мультимедиялық қызметтер көрсетуді ұйымдастыруға мүмкіндік беруде.

2001 жылы абоненттік мультисервистік қатынау желісінің құрылысы сыналып байқалды, "Қазақтелеком" ААҚ интеллектуалдық желісін құру жобасы басталды.

### **3.3. 2002 жылы күтілетін көрсеткіштер**



"Қазақтелеком" ААҚ күш-жігері 2002 жылы бірыңғай техникалық және ұйымдық идеология негізінде жұмыс істейтін және дамитын, жоғары сапалы ішкі және халықаралық алмасуды, телекоммуникация қызметінің барлық түрлерін дамыту үшін қуатты базаны қамтамасыз ететін қазіргі заманғы телекоммуникациялар желісін құруға бағытталды.

"Қазақтелеком" ААҚ-тың 2002 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы телекоммуникациялар желісін жаңғырту мен дамытудың мынадай басым бағыттарын белгіледі:

ҰАСМ құрылысын жалғастыру;  
жергілікті телекоммуникациялар желісін жаңғырту және дамыту;  
деректер беру желісін дамыту;  
коммерциялық жобаларды дамыту.

2002 жылы меншікті және заемдық қаражат есебінен жалпы сомасы 14 млрд. доллардан асатын инвестициялық жобаларды іске асыру жүргізілді.

ҰАСМ құрылысын жалғастыру шеңберінде супермагистральдің Шығыс тармағының құрылысы басталды, бұл:

екі ХКО-ны (Солтүстік және Оңтүстік) цифрлық ағындармен жалғастыруға, бұл ұлттық телекоммуникациялар желісінің, халықаралық байланыстың тұрақты жұмысын және трансұлттық транзитті ұйымдастыру үшін аса маңызды;

ТМД және Еуропа елдерінен екінші бағытта Қытайға, Жапонияға, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азияға телекоммуникация трафигі транзитін ұйымдастыруға, осылайша, байланысты ұйымдастырудың оңтайлы схемасын таңдауға мүмкіндік туады;

Павлодар, Көкшетау, Өскемен, Семей қалаларын цифрлы байланыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жергілікті желіні жаңғырту жұмыстары жалғастырылды. Облыс орталықтарында және облыстарға бағынысты қалаларда жалпы сыйымдылығы 134223 нөмірлік цифрлық АТС-тар орнатылды. Жалпы сыйымдылығы 23788 нөмірлік цифрлық жабдықтар 17 аудан орталықтарында орнатылды. Қалалық телефон станцияларында 67147 нөмірлік цифрлы АТС-тар тәжірибелі пайдалануға енгізілді. Қалалық телефон станцияларында 39564 нөмірлік цифрлы АТС-тар, ал аймақтық желі бойынша 27512 нөмір іске қосылды.

2002 жылы цифрландырудың басым объектілері ретінде Алматы (25596 нөмір), Астана (4500 нөмір), Ақтөбе (12920 нөмір), Қарағанды (11500 нөмір), Павлодар (22000 нөмір), Петропавл (7992 нөмір), Тараз (13909 нөмір) қалалары және Алматы, Ақмола, Батыс Қазақстан, Шымкент және Жамбыл облыстарының аудан орталықтары (елді мекендері) белгіленді.

Бұдан басқа "Қазақтелеком" ААҚ уақыттық есептеу жүйесін жаппай енгізу жұмыстарын жалғастыруда: уақыттық есептеу аппаратураларын, есептеу техникасын, цифрлы АТС-тар, ұйымдастыру техникасын жеткізуге арналған тендер өткізілді,

шоттарды атаулы жеткізуді ұйымдастыру және төлемдерді банк құрылымдары арқылы жинау жұмыстары жүргізілуде, деректер беру жүйесі ұйымдастырылуда.

Бүгінде Орал, Тараз, Павлодар, Петропавл, Қостанай және Өскемен қалаларында монтаж аяқталды, басқа қалаларда жабдықтарды құрастыру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. 2001 жылдың нәтижелері бойынша жай акцияларға дивиденд төлеуден туындаған "Қазақтелеком" ААҚ-тың 2002 жылға арналған инвестициялық жоспарының қысқартылуына байланысты ТҚУЕ енгізу мерзімі 2004 жылдың аяғына ауыстырылды.

Телекоммуникациялар желісі үшін осы заманғы ОКС-7 сигналдық жүйеге көшудің маңызы зор, бұл шақырулардың жоғалуын азайтуға, қолданыстағы жабдықтың өнімділігінің артуына және біріктірулерді орнатудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік б е р е д і .

2002 жылы "Ростелекомның" Транс-Сібір байланыс арнасы мен батыс ТОБЖ арқылы айналма ұйымдастыру жобасын іске асыру басталды, бұл магистралдық желінің сенімділік мәселесін шешуге және орасан зор пайдалану шығындарын талап ететін кабельдік және радиорелелік магистральдардың жекелеген учаскелерін босатуға мүмкіндік береді. Ресей өз тарапынан Қазақстан арқылы өтетін Транс-Сібір байланыс желісінің өз учаскесін резервте сақтауға мүдделі.

Бағалау бойынша, негізгі қызметтен түсетін кірістер 2002 жылы 2001 жылдағымен салыстырғанда 20%-ға өсті және 55,3 млрд. теңгені құрады, бұл ретте қалааралық және халықаралық телефон байланысынан түсетін кіріс 21,1% өсті және 34,9 млрд. теңгеге жетті. Жергілікті байланыстан түсетін кіріс 10% өсті.

Операциялық қызмет шығындары 43,1 млрд. теңге сомасында көзделуде, бұл 2001 жылғы деңгейден 26%-ға жоғары. Өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны 32,6 млрд. теңгені құрады, 2001 жылмен салыстырғанда 21%-ға өсті.

Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді күтіп-ұстауға және жөндеуге жұмсалатын шығындардың өсуі облыс орталықтарында жергілікті атқарушы органдардың тапсырмасы бойынша ОТД ғимараттарының қасбеттерін жөндеуден өткізуге байланысты болып отыр.

Өнім өткізу шығындарының өсуі мекемелерге, атап айтқанда банк және почта мекемелеріне тұтынушыларға ТҚУЕ енгізуге орай есеп айырысу шоттарын, хабарламаларды және ескертпе-хабарларды жеткізу үшін комиссиялық сыйақыларды төлеуге жұмсалатын шығындардың өсуімен байланысты.

Бұдан басқа телекоммуникациялар рыногында бәсекелестіктің күшеюіне және тұтынушыларды енгізілетін жаңа қызмет түрлерімен, оның ішінде интеллектуалдық желілер, қызметтерді біріктіретін цифрлық желі (ISDN), аудиомәтін, Call-Center, т.б таныстыру қажеттілігіне байланысты, "Қазақтелеком" ААҚ жарнама мен маркетинг шығындарын ұлғайтуға мәжбүр.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ айналымдағы капиталды толықтыру үшін заем қаражаты - тауарлық, инвестициялық және банк несиелері

п а й д а л а н ы л а д ы .

Инвестициялық және тауарлық несиелерді тарту жабдықтар мен қызметтерді жеткізушілерді таңдау бойынша өткізілетін тендерлердің нәтижелері негізінде жүргізіледі. Инвестициялық немесе тауарлық несиелер шеңберінде қаржыландыру туралы ұсыныстар көп жағдайларда тендерге қатысушылардан түседі. Бірақ тендер шарттарына сәйкес "Қазақтелеком" ААҚ тендер жеңімпазы ұсынған алдын ала шарттарды жақсарту жөнінде келіссөз жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Мұндағы негізгі сипаттамалар таза ақша ағынына баға беру, сыйақының нақты және тиімді ставкасы бойынша қаржыландырылу құны, қамтамасыз ету нысаны болып табылады.

2002 жылдың 1 қазанына алғанда тауарлық несиелер бойынша орташа тиімді ставка 7,69% мөлшеріндегі жылдықты, инвестициялық несиелер бойынша - 6,96% жылдықты құрайды. Қазіргі міндеттемелер бойынша қаржыландырудың инвестициялық несиелер бойынша орташа мерзімі шамамен 8,6 жыл, тауарлық несиелер бойынша - 5,1 жыл құрайды.

Жасалған шарттарға сәйкес 2002 жылдың 9 айында Siemens, Alcatel, Fujitsu Siemens, Netas, Iskratel, ECI, Telspec, Sumitomo жеткізушілерінің несиелері бойынша есептелген пайыздар 199 520 мың теңгені құрады.

Қалыптасқан практикаға сәйкес, айналымдағы капиталды толықтыру үшін несиелік қаражат тарту, жаңартылатын (жаңартпалы) несиелер шеңберінде несиелер беруге жасасқан Келісімдер шеңберінде жүргізіледі. Банк несиелері бойынша орташа тиімді ставка 5,75% жылдықты құрайды. Банк несиелерін жабу мерзімі, әдетте, өте қысқа (бір жылға дейін).

2002 жылы таза табыс болжам бойынша 8,7 млрд. теңгені құрады.

Монтаждалған жалпы сыйымдылықты 2389 мың нөмірге жеткізу жоспарланған, цифрландыру деңгейі 41%-дан асты. Абоненттер саны 2082 мың адамға жетті, телефон тығыздығы 100 тұрғынға 13,8 ОТА-дан асты.

2001 жылдың қорытындылары бойынша жай акцияларға дивидендтер есебінде 1,7 млрд. теңге аударылды, оның ішінде мемлекеттік пакетке 946,5 млн. теңге.

Бағалау бойынша бюджетке ҚҚС - 3,6 млрд. теңге, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы - 3,7 млрд. теңге, әлеуметтік салық 2,3 млрд. теңге мөлшерінде аударылды.

## **2-бөлім 2003-2005 жылдарға арналған даму жоспары**

### **4-тарау. 2003-2005 жылдарға арналған даму жоспары**

Жаңа мыңжылдықтың басталуы Қазақстан үшін экономиканың өркендеуімен, іскерлік белсенділіктің жандануымен, тұрғындардың табысының біршама көтерілуімен

атап өтілді. Осы факторлардың барлығы телекоммуникациялық қызметке деген жоғары деңгейдегі сұранысты қалыптастырады және телекоммуникациялар рыногының болжамды кезеңде серпінді түрде дамуын көздейді. "Қазақтелеком" ААҚ міндеті - өзінің ұстанымын сақтап қалу және нығайту, қысқа мерзімде толық бәсекелестік рыногы жағдайында жұмыс істеуге әзірлену және капиталдандыруды ұлғайту.

#### 4.1. Даму серпіні

Кең көлемдегі инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде болжам бойынша түсетін кіріс 2003 жылы 58,7 млрд. теңгеден 2005 жылы 60,5 теңгеге дейін өседі. 2005 жылы қалааралық және халықаралық байланыс саласынан түсетін кірістің 2003 жылмен салыстырғанда 37,2 млрд. теңгеден 36,6 млрд. теңгеге дейін төмендеуі болжануда, жергілікті байланыстан алынатын кіріс 16% өседі және 13,5 млрд. теңгеге ж е т е д і .

Болжам бойынша таза табыс 2005 жылы 10,1 млрд. теңгеден асатын болады, бұл 2003 жылдағы деңгейден 0,4%-ға жоғары.

Кірістер болжамын іске асыруға мынадай шарттарды орындаған жағдайда қол жететінін атап өту қажет:

жоспарланатын кезеңде "Қазақтелеком" ААҚ-тың қалааралық, халықаралық байланысқа айрықша құқығын сақтау;

жай акцияларға дивидендтердің жыл сайынғы мөлшері таза пайданың 20%-ынан а с п а й д ы ;

тарифтерді өзгерту серпіні жоспарланған көрсеткіштерге сәйкес жүргізілетін б о л а д ы ;

тұтас алғанда экономиканың өсуін сақтау.

Негізгі телефон аппараттарының (НТА) саны 2005 жылы 2003 жылмен салыстырғанда 9% өседі және 2,3 млн. бірлікті құрайды. Қалааралық, халықаралық телефон трафигі (бұдан әрі - ҚХТТ) 6% өседі, 1,5 млрд. минутты құрайды.

Өткізілген өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құны 2005 жылғы болжам бойынша 2003 жылғы деңгейге 3% өсе отырып 35,7 млрд. теңгені құрайды.

	2002	2003	2004	2005
	баға	болжам	болжам	болжам
Қолданыстағы НТА - барлығы, мың бірлік	2033,8	2129,8	2227,8	2325,8
оның ішінде тұрғындарда	1809,9	1900,4	1993,6	2098,3

Қалааралық, халықаралық телефон трафигі	1291,3	1447,3	1490,2	1535,1
млн. мин.	-	барлығы,		
Оның ішінде: Қазақстан Республикасы шегінде	1169,8	1322,1	1364,4	1409
халықаралық:	121,5	125,2	125,8	126,1
ТМД	108,3	111,8	112,4	112,7
алыс шетелдер	13,2	13,4	13,4	13,4

Сатылған өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны 2005 жылы болжам бойынша 2003 жылдың деңгейіне алғанда 3% өсіп, 35,7 млрд. теңгені құрайтын болады.

**2005 жылға дейінгі өзіндік құн құрылымын болжау**  
(млн. теңге)

	2003	2004	2005
	болжам	болжам	болжам
Өзіндік құн, барлығы	34630	35586	35695
Оның ішінде:			
Материалдар	2874	3143	3239
Еңбекке жұмсалатын шығындар		10804	11245
Үстеме шығындар		20952	21205

Өзіндік құн құрылымында материалдардың үлесі 2003 жылы 8,2%-дан 2005 жылы 9% - ға дейін өседі.

Ішкі өндірушілер бағасының өсуімен қатар, шет елдерден жабдықтар сатып алу кезінде доллар бағамының өсуі электр қуатына, отынға, кабельге және қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығыстардың өсуі болжануда. Желіні жаңарту және кеңейту процесінде едәуір мөлшерде жабдықтарды енгізумен байланысты амортизациялық аударымдар да төлемдер де арта түсетін болады.

Болжам бойынша күрделі жұмсалымдар 2003 жылы - 14,2 млрд. теңге, 2004 жылы - 14,2 млрд. теңге, 2005 жылы - 12,3 млрд. теңге құрайтын болады. Аталған қаражаттар телекоммуникациялар желілерін одан әрі дамытуға, халықтың және дамып келе жатқан экономиканың өсіп отырған сұраныстарын қанағаттандыруға жұмсалатын болады.

## 4.2 Әлеуметтік саясат

"Қазақтелеком" ААҚ-нда әкімшілік мен еңбек ұжымы арасында жасасқан ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырылатын мақсатты әлеуметтік саясат жүргізілуде.

"Қазақтелеком" ААҚ ұжымдық шартында жұмыс беруші мен қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері, еңбек және демалыс режимі, еңбекақы төлеудегі негізгі кепілдіктер, қызметкерлер мен зейнеткерлерді әлеуметтік жағынан қорғау, еңбек қорғау шаралары, қызметкер еңбек ету қабілетінен толық немесе жарым-жартылай айырылғанда берілетін әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар белгіленген.

Кәсіби біліктілігі төмен және аз төленетін қызметкерлер санатын басым түрде қысқартуға бағытталған қызметшілер құрылымын өзгерту көзделуде. Телекоммуникациялар желісін цифрландыру, жабдықтардың, ақпараттық технологиялардың және бағдарламалық өнімдердің жаңа түрлерін енгізу кәсіби шеберлігі неғұрлым жоғары мамандарды тартуды және тиісінше еңбекақы төлеуді талап етеді.

Қызметкерлерге сапалық сұраныс оларды кәсіби талаптар бойынша сертификаттау арқылы, ал қызметкерлерге сандық сұраныс кадрларды жылжытудың болжамы мен бағалануына сәйкес анықталады. Қызметшілерді тарту, іріктеу және бағалау үшін қызметкерлердің ішкі (ішкі ауысулар) және сыртқы (жаңа қызметкерлерді жалдау) орналасуының оңтайлы қатынасын белгілеу үшін зерттеулер жүргізіледі, ал содан кейін ғана жалдау алғышарттарының жүйесі әзірленеді.

Телекоммуникациялар желісін жетілдіру және ең жаңа цифрлық коммутациялық жүйелер енгізу барысында телекоммуникациялар саласында жоғары білікті мамандар қажет. 1997 жылы Директорлар кеңесі "Қазақтелеком" ААҚ ауылдық жерлерде тұратын мамандарды жергілікті жағдайда оқытуды қолға алуы туралы шешім қабылдады. Оқыту шығындары "Қазақтелеком" ААҚ орталықтандырылған қорынан төленеді. Тұрақты негізде семинарлар өткізіледі, қызметкерлер тұрақты түрде біліктілігін арттыру курстарынан өтеді.

#### **4.3 Қоршаған ортаны, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы**

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының " Еңбек туралы ", " Еңбекті қорғау туралы " заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, "Қазақтелеком" ААҚ-нда еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы ережеге және басқа да құжаттарға сәйкес жүргізілуде. Жоғарыда аталған құжаттар негізінде "Қазақтелеком" ААҚ әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы байланыс қызметкерлерінің кәсіподағы арасында ұжымдық шарт жасалған, оның талаптары "Қазақтелеком" ААҚ барлық филиалдары үшін міндетті.

Ұжымдық шартқа сәйкес еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға бір қызметкердің бір жылдық еңбекақысының заңдарда белгіленген ең

төменгі деңгейінің кем дегенде 30% мөлшерінде қаражат бөлінеді. Онда ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін енгізу, табиғи және рухани ескірген жабдықты ауыстыру, үй-жайларда жарық беруді және температура режимін нормадағы деңгейлерге дейін жеткізу жөніндегі талаптар белгіленген.

Еңбек қорғау мақсатына бөлінген қаражат мынадай баптар бойынша жұмсалады:  
телекоммуникациялар қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін тегін жабдықтаудың салалық нормаларына сәйкес арнайы киім, арнайы аяқ киім, жеке басты қорғау құралдарын сатып алу;

еңбектің зиянды және қауіпті жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге кәсіби тәуекелділіктің, жеңілдіктердің және өтемақылардың класын белгілеу мақсатында жұмыс орындарында аттестаттау жүргізу;

еңбектің зиянды және қауіпті жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерді міндетті түрде медициналық байқаудан өткізу; қолданыстағы заңдарға сәйкес арнайы тамақтандыру;

өндірісте зардап шеккен қызметкерлердің емделу, протездеу және т.с.с. шығындарын өтеу;

өртке қарсы іс-шаралар;

еңбек қорғау мәселелеріне арналған нормативтік-техникалық құжаттамалар алу. "Қазақтелеком" ААҚ қызметі қоршаған ортаға зиян келтірмейді. Қажет болған жағдайларда жерді баптау және қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

#### **4.4. Маркетингтік зерттеулер**

Телекоммуникациялар рыногының сыйымдылығы 1998 жылы 350 млн. АҚШ долларынан 2001 жылы 500 млн. долларға дейін өсті, бұл ретте ұлттық байланыс операторының үлесі, негізінен алғанда, ұтқыр байланыс операторларының қаулап өсуі есебінен 90 пайыздан 68 пайызға дейін қысқарды. Соңғы 4 жыл ішінде бұлардың рыноктағы үлесі 2,8%-дан 26,1%-ға дейін өсті.

Телекоммуникациялар нарығының тең жарымын қалааралық, халықаралық байланыс қызметі иемденуде, және де рыноктың 25%-ын қалааралық байланыс қызметі қалыптастыруда. ТМД елдері мен алыс шетелдердің халықаралық телефония қызметін сату көлемінің үлес салмағы тең болып отыр.

Ұялы байланыс телекоммуникациялық қызметтер нарығының төрттен бірінен астамын иемденуде.

Ресми тұрғыдан алғанда жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі үшін халықаралық және қалааралық байланыс рыногы "Қазақтелеком" ААҚ монополиясы болып табылады, алайда шын мәнінде оларда халықаралық және қалааралық трафикті өткізіп жүрген операторлар жұмыс істейді.

**Қазақстан Республикасы телекоммуникациялар нарығы  
көлемінің 2005 жылға дейінгі болжамы**  
(млн. теңге)

	2002	2003	2004	2005
	баға	болжам	болжам	болжам
<b>Телекоммуникациялар</b>				
рыногының көлемі	88584	97928	103045	108609
Оның ішінде:				
"Қазақтелеком" ААҚ	54177	58704	59310	60500
Басқа операторлар		34407	39224	48109

Сонымен Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар нарығында "Қазақтелеком" ААҚ үлесі басқа операторлар қызметінің ұлғаюы есебінен болжам бойынша 2002 жылғы 61%-дан 2005 жылы 56%-ға дейін төмендейді.

Өзінің рыноктағы айқындамасын күшейту үшін "Қазақтелеком" ААҚ көрсетілетін қызметтер пакетін кеңейтуді, белсенді түрдегі маркетингті, прогрессивтік бағыттағы жаңа ілгершіл технологияларды енгізуді көздейтін мақсатты саясат жүргізеді.

#### **4.5. Тарифтік саясат**

Тарифтік саясат қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Тұжырымдама тарифтерді қайта теңгерімдеуді және олардың құрылымын өзгертуді көздейді. Сондай-ақ абоненттердің санаттары арасындағы шекті жою арқылы бірдей сапалы бірдей қызметтерге тарифтер теңдігі көзделеді.

